

«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Токсанбаев Алмас
Коргаджановичтің «Орталық Азия қошпелілерінің ортагасырлардагы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбындагы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
СЫН-ПИКРІ

р/и №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірі); 2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Казакстан Республикасының Үкіметі жаңындагы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының төмөндегідей басымды бағыттарына сәйкес орындалған;</p>	<p>Токсанбаев Алмас Коргаджановичтің «Орталық Азия қошпелілерінің ортагасырлардагы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбындагы диссертациялық жұмысы ғылыминың даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Ғылыми зерттеу тұқырымдамалары «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсат-міндеттерге жауап берे алады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Казакстан Республикасының Үкіметі жаңындагы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының төмөндегідей басымды бағыттарына сәйкес орындалған: – Білім мен ғылым саласындагы зерттеулер; – Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындагы зерттеулер.</p>
2.	Ғылымга маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы анылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы тарих тылымының дамуына елеулі үлес косады. Ізденуші Орталық Азия қошпелілерінің ортагасырлық қоғамындагы саяси билік пен жогары билік құрылымының қалыптасу, даму кезеңдері және озіндік ерекшеліктерінің зерттелу тарихына тарихнамалық талдау жүргізген.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) орташа;	<p>А.К.Токсанбаевтың ғылыми жұмысының озіндік орындалу деңгейі орташа.</p> <p>- диссертацияда зерттеу тақырыбына қатысты-қатыссыз, абстракты</p>

		3) төмен; 4) өзі жазбаган	«коштторлық теориялық-методологиялық» тұжырымдамалар тізбектей талданғанмен, қошпелі қогамдағы дәстүрлі билік ерекшеліктерін айқындауға кабілетті пәнаралық деңгейдегі кратология, элитология, персонология сияқты ғылыми бағыттар негізінде, даалық биліктің тол үлгі-белгілері санатына жатар: гинократия (әскер-әйел билігі), меритократия, геронтократия феномендері назардан тыс калған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс өзектілігі жан-жакты негізделген және болашакта достурлі қазак қогамына тән билік институтының озіндік ерекшеліктері мен ішкі заңдылықтарын, генезисі мен эволюциясын зерделуя бағытындағы отандық ғылыми ізденістерді ынталандыруға ықпал етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын жартылай айқындауды. Зерттеу жұмысының тақырыптық койылымы, құрылымы, ғылыми аппараты, тарау атальмадарындағы кілтті сөздер мен категориялар біркеттер қосымша түсініктемелер мен анықтамаларды тапал етеді. Жалпы, номадология ғылыми бағыты шеңберіндегі танымал зерттелім тұжырымдамаларына сай (Хазанов А.М., Крадин Н.Н. т.б.), заманауи тарихнамада «Орталық Азия қошпелілері» ұғымының орнына «Еуразия қошпелілері», сол сияқты «кошпелілер қогамы» емес, «кошпелі қогам» сез тіркестерінің тұрақталу тенденциясын ескерген жөн. Зерттеу нысаны ортасырлардағы қошпелі қогамға тиесілі билік жүйесіне қатысты белгіленгендейтін, кіріспе болімінде атальмыш билік жүйесіне не жаткызылады, биліктің нақтылы кай түрі, типі, формасы талданатындығы (саяси ма, экономикалық па, мемлекеттік пе не М. Вебер ілімінде дәстүрлі, харизматық, рационалды билік түрлері ме?) жонінде қосымша түсініктер мен анықтамалар берілу кажет. Диссертация мәтінінің он бойында, бірінші тарау атальмада «ежелгі» қошпелілерге қатысты мәселелерді көтере отырып, зерттеу жұмысы тақырыбының хронологиялық шеңбері не себепті «ортагасырлық» кезеңмен шектелгей түсініксіз.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыбына

		<p>такырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>сәйкес келеді. Максаты – Орталық Азия кошпелілерінің ортагасырлық көгамындағы билік жүйесіне байланысты тарихнамалық зерттеулердің кезеңдері, мазмұны және тарихи көзқарастар эволюциясының бағыттары, жетістіктері мен кемшиліктерін анықтау негізінде зерттеу такырыбының болашагын айқындау.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланыскан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланыскан; 2) жартылай байланыскан; 3) байланыс жок 	<p>Диссертацияның бөлімдері өзара байланыскан, ішкі бірлікке ие. Дегенмен, кіріспе болімінде тақырыптың зерттеу деңгейіне көтүстік көлтірілген зерттелімдер мен «тарихнамалық деректерге» жаткызыла отырып, зерттеудің деректік негізінде кайталарап дереккөздерінің аракатынаса накыттылы айқындалмаган. Сонымен кatar, негізгі тақырып пен диссертацияның 1.1. тарауша атапымы: «XIX ғ. соны және XX ғ. кошпелілер көгамының саяси үйымдасу ерекшеліктерін зерттеу мәселелері» арасындағы хронологиялық қараша-кайшылық өз алдына, құрастырылған сөйлем мазмұны сай, зерттеу пәні тарихнамаға емес, атамыш кезеңдері көшпелі көгамға тиесілі койылған түр. Тарауша тақырыбындағы негізгі екпін зерттеу нысанына көтүстік дұрыс койылған жағдайда, мәселе XIX ғ. соны және XX ғ. кошпелілер көгами емес, осы тұстагы шетелдік және отандық тарихнамада көшпелі көгам саяси үйымдасуының зерттелуі жайында екендіті түсінікті болар еді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертация авторы жана, кәзіргі заман, заманауи кезеңдеріндегі шетелдік және отандық зерттеушілердің ежелгі және ортагасырлық көшпелі көгамдардагы билік жүйесінің даму ерекшеліктеріне көтүстік біркатарап гылыми енбектері мен тарихи, тарихнамалық дереккөздеріне сыни талдау жүргізген.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 	<p>Зерттеу жұмысының гылыми нәтижелері мен қагидаттары жартылай жана болып табылады. Кошпелі көгамдагы саяси, жоғарғы билік, оның жаи-жакты қырлары мен ішкі зандылықтарына көтүстік жана заманнан қазіргі кезеңге дейін жалғасқан гылыми танымның жинақталу, даму.</p>

		<p>3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Тарихнамалық ойда корлану үдерісі кезеңімен салыстырмалы зерттеліп, олардың өзара тілдік, үлттық, уақытылы-көнестіктік ерекшеліктері мен сабактастығы жүйелі түрде карастыруды талап етеді.</p> <p>Диссертацияның корытындылары жартылай жаңа болып табылады. Қалыптаскан тарихнамалық мектеп дастүрлеріне сай, әдетте кезендеу: жаңа заман, қазіргі заман, заманауи; шетелдік: батыстық, батыстық емес; отандық немесе үлттық т.б. ошешемдеріне карай негізделерін ескеру кажет.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қаралғанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және онертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының негізгі корытындары мен нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген және тарихи, тарихнамалық, археологиялық және фольклорлық (жыр, аныз-ертең, мифология) дереккоздеріндегі маліметтерге салыстырмалы талдау жүргізе отырын, дәлелденген.
7.	Көргауга шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді мә?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 3) Жаңа ма? 	<p>Бірінші қагидатында қошпелі когамдағы мемлекеттілік және саяси билік мәселеسىн зерттеу бағытында ғылыми ойда үзак уақыт бойы үстемдік еткен теріс бағаланымыңын, заманауи отандық тарих ғылымында ілімдік-әдіснамалық ұстанымдардың дамуына орай, жаңа деңгейге көтеріліп, қошпелілердегі мемлекеттік билік туралы дұрыс көзқарастар қалыптасқандығы негізделеді.</p> <p>7.1 шамамен дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 жок</p> <p>7.4 орташа</p> <p>7.5 ия</p>

	<p>1) ия; 2) жок</p> <p><u>7.4</u> Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кен</p> <p><u>7.5</u> Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Екінші қагидаты археология саласындағы жаңа ашылымдар мен інтижелерге негізделген ілімдік-адіснамалық ұстанымдар, қошпелі халықтардың саяси үйымдаусы мен билік жүйесіне қатысты калыптасқан керегар пікірлердің оз маңызын жоюына ықпал еткендігі дәлелдейді.</p> <p><u>7.1</u> шамамен дәлелденді</p> <p><u>7.2</u> жок</p> <p><u>7.3</u> иә</p> <p><u>7.4</u> кен</p> <p><u>7.5</u> ия</p> <p>Ушінші. Қошпелі қогамдағы билік жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи сабактастығы негізінен отандық тарихшы ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапкан.</p> <p><u>7.1</u> дәлелденді</p> <p><u>7.2</u> жок</p> <p><u>7.3</u> жок</p> <p><u>7.4</u> орташа</p> <p><u>7.5</u> ия</p> <p>Тортинші. Отандық археологиялық зерттеу інтижелері көсемдік ілімінің тарихи сабактастығы мәселесін жаңа көзқарастар шенберінде карастыруға ықпал етіп, дәстүрлі қогамдағы билеуші бейнесінің ілімдік реконструкциясын жасауга қомакты үлес кости.</p> <p><u>7.1</u> дәлелденді</p> <p><u>7.2</u> жок</p> <p><u>7.3</u> иә</p> <p><u>7.4</u> кен</p> <p><u>7.5</u> ия</p> <p>Бесінші. Қошпелі қогамдағы билік пен билеуші бойына тән киеллік бейнесіндегі дүниетанымдық құндылықтарды «құт» ұғымымен байланыстырып, оны елдің тыныштығы мен құт-берекесін асыруышы тұлға ретіндеңігі ролі анықтаған.</p> <p><u>7.1</u> шамамен дәлелденді</p> <p><u>7.2</u> жок</p> <p><u>7.3</u> жок</p> <p><u>7.4</u> кен</p>
--	--	---

		<p><u>7.5 ия</u> Алтыншы. Кесемдік іліміндегі билеушіге катысты «құт» үгымы шетелдік, отандық зерттеушілер еңбектерінде дүнистанымдық срекшелік ретінде айшақтаған.</p> <p><u>7.1 дәлелденді</u> <u>7.2 жок</u> <u>7.3 ия</u> <u>7.4 кең</u> <u>7.5 ия</u></p> <p>Жетінші. Қошпелі қоғамдағы жогары билікті мұралану, хан котеру дәстүрі және билік құқығына байланысты отандық тарихшылардың еңбектері және казак халқының фольклорында кордаланған жогары билік пен билеуші бейнесі, билік атрибуттары туралы құнды мәліметтердің, дәстүрлі қоғамдағы билік жүйесінің өз бастауларын көне дауірден алатынын дәлелдеуге ықпалдылығы айқындалған.</p> <p><u>7.1 дәлелденді</u> <u>7.2 жок</u> <u>7.3 ия</u> <u>7.4 кең</u> <u>7.5 ия</u></p> <p>Диссертация жұмысының негізгі корытындылары мен нәтижелері 9 ғылыми макала ретінде жарық көрді. Оның ішінде, ҚР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бакылау саласындағы комитеті ұсынған басымдарда – 4 макала; шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда – 1; отандық республикалық және халықаралық конференцияларда – 3; Scopus халықаралық деректер базасына енгін журналда – 1 макала жарияланды.</p> <p>Зерттеу жұмысының ілімдік-әдіснамалық негізі диссертацияның кіріспе белімінде таратылып жазылған.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе адіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок</p>

	акпараттың дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманғы зәйтүрелердің мени деректердің ондау, маліметтердің нақты талдау, жүйелу, салыстырмалы талдау, зерделеу және тарихнамалық жүйелу зәйтүрелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) <u>жок</u></p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері замандау зәйтүрелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) <u>жок</u></p>
		<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, аныкталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) <u>жок</u></p>	<p>Ия. Ілімдік корытындылар мен ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікірлеріне және де диссертация тақырыбына сай жазылған тарихнамалық зерттеу енбектерімен дәлелденген және расталған. Көшпелілер когамындагы мемлекеттілік, саяси билік және билеуші бейнесі мәселеінің шетелдік және отандық тарихнамада пайымдалуын қарастырган.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми зәбиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Қолданылған зәбиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәлімдемелерін растайтын ауызша, жазбаша, археологиялық, этнологиялық дереккөздері мен ғылыми зәбиеттер пайдаланған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған зәбиеттер тізімі зәби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған зәбиеттер тізімі зәби шолуга жеткілікті. Онда шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің тарихнамалық енбектері, мерзімді және ғылыми басылым беттерінде жарияланған зерттеулер ұсынылып, 380 дереккөзінің тізімі берілген.</p> <p>Ізденуші назарына диссертация тақырыбына тікелей катысты келесі зәбиеттер ұсынылады: Крадин Н.И. Кочевники и всемирная история. Санкт-Петербург, 2020; Шанслямов А.Р. Социальная историяnomadizma. Проблемы изучения и оценки исторического развития кочевых обществ. Автореферат диссертации. Казань, 2009; Садри Максуди Арсал. Тюркская история и право. Казань, 2002; Жусеп Баласагұның «Күтадгу білік» шығармасы.</p>
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның ілімдік маңызы жоғары. Себебі, ізденуші таралынаң көшпелі қоғам, оның ішінде дастүрлі қазақ қогамына

	принципі	<p>1) <u>иә</u>; 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған інтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тән саяси билік мәселесі, билік түрлері мен билеуші тұлға бейнесіне қатысты тарихи зерттеулермен катар, тарихи-этнографиялық, тарихи-антропологиялық, археологиялық және саяси-құқықтық негізделгі тарихи білімдер жинақталған.</p> <p>Зерттеу тақырыбында қарастырылған Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық билік жүйесіне, билеуші тұлғасының касиет-киелі бейнесі, көсемдік іліміне және билік атрибуттарына қатысты жүргізілген қолдаулар інтижесінде жасалған корытындылар негізінде жогары оку орындарында білім алушыларға «Көшпелілер көгамындағы мемлекеттілік және жогары билік», «Орта Азия көшпелілерінің ортағасырлық көгамындағы билік институттары» және т.б. тақырыптар бойынша оку құралдарын, арналы дәріс курстарын жасауда пайдалануга болады.</p> <p>Зерттеу жұмысының қолданбалық маңызы жогары және толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жогары;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) орташадан томен;</p> <p>4) томен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты, стилистикасы, грамматикасы, мәтіндегі аударылым деңгейіне тиесілі түрде мүкият редакциялық жұмыс жүргізіліп, болім, тарау тақырыптары мен атальмындағы жіберілген кате-кемшіліктер, түзетілу кажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінде қолданған ғылыми категориялар, терминдер бірнеше не таза қазак тілінде, латын тілінен енгін сөздер болса (полигенез, социогенез т.с.с.) өзгеріссіз, орынса рәсімделгені дұрыс. Айталық, «теориялық аспект», «теориялық-методологиялық» тұжырым, «сакральдығы», «символы» т.с.с. создердің қазақ тіл қорында коллежтімді, бұғынға ғылыми айналыста танымал: «ілімдік-әдіенамалық», «әрміздері», «қиелік касиеті» т.б. балама не тікелей аудармалары жеткілікті. - диссертацияда озге зерттеушілерден көлтірілетін дәйексөз аудармаларында авторлық түпнұсқа мазмұны өзгертілмей, тұра магынасында, еш бүрмалаусыз берілу шарт. Себебі, томен сапалы

		аударылым нәтижесінде, ғылыми ортада жекелеген дереккөздері, үстанымдар, тұжырымдарға катысты кате, қарама-қайшы көзқарастар қалыптасуы ықтимал.
--	--	--

Корытынды. Ізденуші Токсанбаев Алмас Коргаджанович философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге лайықты.

Ресми рецензент:

М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазакстан филиалының алеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

А.И. Оразбаева

